

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№43«Батыр» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

31.07.2023 ж

Қатысқандар: 28 педагог

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы туралы.

Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Тосабаева Ж.Ш.

Өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 жылғы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың» 1 қосымшасына сәйкес 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша құжаттарды талдады.

Комиссия мүшесі – әдіскер Б.Мырзағұл:

Мектепалды даярлық топтарының ата-аналары мен бөбекжай педагогтерінен телеграм канал арқылы сауалнама алынды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 жылғы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың» 2,3,4,5 қосымшаларына сәйкес мәліметтер толтырылды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы шығарылды.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Тосабаева Ж.Ш.:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 1 қосымшасына сәйкес 39 «жақсы» деп бағаланды. Өзін-өзі бағалау құжаттары бөбекжайдың ресми сайтына орналастырылды.

Шешім:

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай 39 «жақсы» деп бағалансын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне уақытылы жеткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы :



Токсабаева Ж.Ш

Мырзағұл. Б.Ж.